

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БАНКТІК ЕМЕС СЕКТОРЫНЫҢ
АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ**

2015 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕГІ ЖАЙ-КҮЙ БОЙЫНША

Алматы 2015 ж.

Мазмұны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНКТІК ЕМЕС СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	3
I. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ	3
1. АКТИВТЕР	3
2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ	4
3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР	5
4. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ	5
5. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ	6
II. БАНКТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ	8
1. АКТИВТЕР	8
2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ	9
3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР	9
3. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ	10
5. БАНКТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ	12

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНКТІК ЕМЕС СЕКТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2015 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банктік емес секторы 3 ипотекалық ұйым және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 5 ұйым (бұдан әрі – банктік емес ұйымдар) ретінде берілген.

1-кесте. Банктік емес секторының құрылымы

Банктік емес сектордың құрылымы	1.01.15	1.07.15
Ипотекалық ұйымдардың саны, оның ішінде:	3	3
- жарғылық капиталына мемлекет 100% қатысатын ипотекалық ұйымдар	1	1
- ипотекалық ұйымдар	2	2
Ипотекалық ұйымдар өкілдерінің саны	5	5
Банктік емес ұйымдардың саны, оның ішінде:	4	4
<i>Жалғыз акционері агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын ұйымдар</i>	1	1
Банктік емес ұйымдардың еншілес ұйымдарының саны	9	9

I. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ


1. АКТИВТЕР

2-кесте. Қазақстан Республикасының ипотекалық ұйымдарының жиынтық активтерінің құрылымы

Ипотекалық ұйымдарының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2015		01.07.2015		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %	млрд. теңге	жиынтығында %	
Ақша	0,1	0,1%	0,1	0,0%	0,0%
Ағымдағы шоттар	7,7	4,5%	73,3	28,3%	851,9%
Бағалы қағаздар	20,6	12,2%	15,0	5,8%	-27,2%
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	31,1	18,3%	27,1	10,5%	-12,9%
Клиенттерге берілген қарыздар, оның ішінде «кері РЕПО»	89,1	52,6%	93,2	35,9%	4,6%
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	9,8	5,8%	14,0	5,4%	42,9%
Клиенттерге ХЖЕС талаптары бойынша берілген қарыздар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-3,4	-2,0%	-4,0	-1,5%	17,6%
Басқа активтер	14,5	8,6%	40,5	15,6%	179,3%
Активтердің барлығы	169,5	100,0	259,3	100,0%	53,0%

2015 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 259,3 млрд. теңге, бұл жыл басында көрсеткіштен 89,8 млрд. теңгеге немесе 53,0%-ға көп.

Ипотекалық ұйымдардың активтері құрылымының маңызды үлесін клиенттердің қарызы – 35,9% (93,2млрд.теңге), ағымдағы шоттар – 28,3% (73,3 млрд.теңге), басқа банктерге орналастырылған салымдар – 10,5% (27,1 млрд.теңге), бағалы қағаздар – 5,8% (15,0 млрд.теңге) құрады.



2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ

2015 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 93,2млрд. теңге болды, бұл 2015 жылдың басында құралған көрсеткіштен 4,1 млрд. теңгеге немесе 4,6%-ға аз.

Есепті күнге құрылған провизиялар 4,0 млрд. теңгені құрады (ипотекалық ұйымдардың несие портфеліндегі қалыптастырылған провизиялардың үлес салмағы 4,3%).

3-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының несие портфелінің құрылымы

№	Көрсеткіштер	01.01.2015		01.07.2015		Өзгерістермен (%)
		млн. теңге	жиынтығында%	млн. теңге	жиынтығында%	
	Несие портфелі (негізгі борыш), оның ішінде:	89 092	100,0%	93 184	100,0%	4,6%
1	Клиенттерге берілген қысқа мерзімді қарыздар	0	0,0%	0	0,0%	-
2	Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	86 576	97,2%	80 368	86,2%	-7,2%
3	Клиенттерге қаржы лизингі	2 313	2,6%	12 588	13,5%	444,2%
4	Клиенттердің қарыздар бойынша мерзімі өткен берешегі	203	0,2%	228	0,2%	12,3%
5	Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары	0	0,0%	0	0,0%	-
<i>Анықтамалық: ХҚЕС бойынша р резервтер (провизиялар)</i>		<i>3 371</i>	<i>3,8%</i>	<i>3 967</i>	<i>4,3%</i>	<i>17,7%</i>

4-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының несие портфелінің сапасы

Көрсеткіштің атауы /күні	01.01.2015		01.07.2015		Өсімі, %-бен
	сомасы млн. теңгемен	жиынтығы %-бен	сомасы млн. теңгемен	жиынтығы %-бен	
Несие портфелінің жиынтығы	89 092	100%	93 184	100%	4,6%
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 1-ден 30 күнге дейін мерзімі өткен берешек	34,7	0,04%	17,2	0,02%	-50,4%
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 31-ден 60 күнге дейін мерзімі өткен берешек	12,1	0,01%	27,2	0,03%	124,8%
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 61-ден 90 күнге дейін мерзімі өткен берешек	6,3	0,01%	11,8	0,01%	87,3%
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешек	260,7	0,29%	753,7	0,81%	189,1%
Негізгі борыш және сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жиынтығы	313,8	0,35%	809,8	0,87%	158,1%
<i>ХҚЕС бойынша провизиялар</i>	<i>3 371</i>	<i>3,78%</i>	<i>3 967</i>	<i>4,26%</i>	<i>17,7%</i>

2015 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі мерзімі өткен берешектің үлес салмағы (мерзімі өткен сыйақыны қоса алғанда) 0,87%-ды құрады (немесе 809,8 млн. теңге). Есепті күні негізгі борыш және сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешек 753,7 млн. теңге немесе несие портфелінің 0,81% болды.

3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР


2015 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда ипотекалық ұйым міндеттемелерінің жиынтықты мөлшері 89,6 млрд. теңге немесе 73,1%-ға ұлғайды және 2015 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 212,1 млрд. теңге болды.

Ипотекалық ұйымдардың құрылымында міндеттемелер құрылымы алынған қарыздарды түрінде (57,2%).

5-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының жиынтықты міндеттемелерінің құрылымы

Ипотекалық ұйымдарының жиынтықты міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2015		01.07.2015		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығы %-бен	млрд. теңге	жиынтығы %-бен	
Алынған қарыздар	28,6	23,3%	121,4	57,2%	324,5%
Айналысқа жіберілген бағалы қағаздар	75,6	61,7%	72,0	33,9%	-4,8%
Басқа кредиторлар	6,6	5,4%	6,9	3,3%	4,5%
Басқа міндеттемелер	11,7	9,6%	11,9	5,6%	1,5%
Барлық міндеттемелер	122,5	100,0%	212,1	100,0	73,1%

2-график. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы



4. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

2015 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың баланстық меншікті капиталы 47,2 млрд. теңгені құрады, ағымдағы жылдың басынан қалыптасқан көрсеткіштен 0,2 млрд. теңгеге көп.



2015 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың реттеуші меншікті капиталының мөлшері 50,5 млрд. теңгені құрады. Ал жылдың басында осы көрсеткіш 52,2 млрд. теңгені құрады.


Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	01.01.2015	01.07.2015
Төленген меншікті капитал (оның ішінде капитал), млрд.теңге	63,2	63,2
Есепті меншікті капитал, млрд.теңге	52,2	50,5
Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті ($\kappa_1 \geq 0,06$)	0,274	0,182
Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті ($\kappa_1 - 2 \geq 0,06$)	0,315	0,197
Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті ($\kappa_1 - 3 \geq 0,12$)	0,354	0,209

5. ИПОТЕКАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

6-кесте. ҚР ипотекалық ұйымының кірістілігі

Ипотекалық ұйымның кірістілігі, млрд. теңгемен	01.07.2014 (млрд. теңге)	01.07.2015 (млрд. теңге)	Өсімі, %-бен
Сыйақы алумен байланысты	8,0	9,1	13,8
Сыйақы төлеуге байланысты шығындар	6,2	6,3	1,6
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	7,4	1,5	-79,7
Сыйақы төлеуге байланысты емес шығындар	7,9	1,9	-75,9
<i>Операциялар бойынша (резервтерді қалпына келтіру) ықтимал шығынға резервтер</i>	0,1	0,7	600,0
<i>Корпоративтік табыс салығы</i>	0,1	0,7	600,0
Таза кіріс (шығын)	1,1	1,0	-9,1

2015 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар 1,0 млрд.теңге мөлшерде таза пайда алды.



II. БАНКТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

1. АКТИВТЕР

8-кесте. Банктік емес ұйымдардың жиынтық активтерінің құрылымы


Банктік емес ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы мен құрылымы	01.01.2015		01.07.2015		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығын да %	млрд. теңге	жиынтығын да %	
Ақшалай қаражат және ақшалай қаражаттың баламалары	56,1	8,8	57,2	8,1	2,0
Орналастырылған салымдар	23	3,6	25,9	3,7	12,6
Бағалы қағаздар	11,7	1,8	10,4	1,5	-11,1
Берілген қарыздар	204,3	32,1	237,3	33,6	16,2
Қаржылық жалдау	157,4	24,7	166,1	23,5	5,5
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар және реттелген борыш	24,8	3,9	25,1	3,6	1,2
Дебиторлық берешек	52,1	8,2	81,9	11,6	57,2
Басқа активтер	106,7	16,8	101,8	14,4	-4,6
Активтердің барлығы	636,1	100,0	705,7	100,0	10,9

2015 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың жиынтық активтері жылдың басынан 10,9%-ға ұлғайып, 705,7 млрд. теңге болды.

Жылдың басымен салыстырғанда дебиторлық берешек 57,2%-ға, ақшалай қаражат 2,0%-ға, берілген қарыздар 16,2%-ға ұлғайғаны, бұл ретте бағалы қағаздар портфелі 11,1%-ға азайғаны байқалады.

Банктік емес ұйымдар активтерінің жалпы сомасында заңды және жеке тұлғаларға берілген қарыздар – 33,6% (237,3 млрд. теңге), қаржылық жалдау – 23,5% (166,1 млрд. теңге), басқа активтер – 14,4% (101,8 млрд. теңге), ақшалай қаражат және ақшалай қаражаттың баламалары – 8,1% (57,2 млрд. теңге) және дебиторлық берешек – 11,6% (81,9 млрд. теңге) болды.

5-график. Банктік емес ұйымдардың активтері мен несие портфелінің динамикасы



2. НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ

2015 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың жиынтық несиесі портфелі (қаржылық жалдауды ескергенде) 403,4 млрд. теңге болды, бұл 2015 жылдың басында болған көрсеткіштен 41,7 млрд. теңгеге немесе 11,5%-ға аз.

Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес несиесі портфелі бойынша қалыптасқан провизиялар (резервтер) 32,0 млрд. теңге болды немесе банктік емес ұйымдардың жиынтық несиесі портфелінің 7,9% құрады және 2015 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 7,0%-ға азайды.

9-кесте. Банктік емес ұйымдардың несиесі портфелінің сапасы

Көрсеткіштің атауы / күні	01.01.2015		01.07.2015		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %	млрд. теңге	жиынтығында %	
Несие портфелінің жиынтығы	361,7	100	403,4	100	11,5
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 1-ден 30 күнге дейін мерзімі өткен берешек	2,9	0,8	6,0	1,5	106,9
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 31-ден 60 күнге дейін мерзімі өткен берешек	3,4	0,9	1,4	0,3	-58,8
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 61-ден 90 күнге дейін мерзімі өткен берешек	0,4	0,1	1,4	0,3	250,0
Негізгі борыш және сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешек	43,2	11,9	52,0	12,9	20,4
Негізгі борыш және сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек жиынтығы	49,8	13,8	60,8	15,1	22,1
ХҚЕС бойынша провизиялар	34,4	9,5	32,0	7,9	-7,0

2015 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиесі портфеліндегі мерзімі өткен берешектің үлес салмағы (мерзімі өткен сыйақыны қоса алғанда) 15,1%-ды құрады (немесе 60,8 млрд. теңге), оның ішінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешек 12,9% (немесе 52,0 млрд. теңге) болды.

Негізгі борыш және сыйақы бойынша 1-ден 30 күнге дейін мерзімі өткен берешек несиесі портфелінің 1,5%, 31-ден 60 күнге дейін мерзімі өткен берешек – 0,3%, 61-ден 90 күнге дейін мерзімі өткен берешек – 0,3% болды.

Негізгі борыш және сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешек 2015 жылдың басынан бастап 20,4%-ға ұлғайып, есепті күнге 52,0 млрд. теңге немесе несиесі портфелінің 12,9% болды.

3. МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2015 жылдың 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда банктік емес ұйымдар міндеттемелерінің жиынтықты мөлшері 65,6 млрд. теңге немесе 19,5%-ға ұлғайды және 2015 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 401,7 млрд. теңге болды.


Жылдың басымен салыстырғанда банктік емес ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында шығарылған борыштық бағалы қағаздар 23,5%-ға, кредиторлық берешектің 23,1%-ға, тартылған салымдар 16,3%-ға және басқа міндеттемелер 9,8%-ға ұлғаюы байқалады.

Банктік емес ұйымдардың міндеттемелері құрылымында алынған қарыздар түріндегі міндеттемелер (63,6%) басым болады.

10-кесте. Банктік емес ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің құрылымы

Банктік емес ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы мен құрылымы	01.01.2015		01.07.2015		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығында %	млрд. теңге	жиынтығында %	
Тартылған салымдар	20,8	6,2	24,2	6,0	16,3
Алынған қарыздар	214,6	63,9	255,6	63,6	19,1
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	64,8	19,3	80,0	19,9	23,5
Кредиторлық берешек	18,6	5,5	22,9	5,7	23,1
Басқа міндеттемелер	17,3	5,1	19,0	4,7	9,8
Міндеттемелердің барлығы	336,1	100,0	401,7	100,0	19,5


7-график. Банктік емес ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы.



3. МЕНШІКТІ КАПИТАЛ

2015 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың баланстық меншікті капиталы 304,0 млрд. теңге, бұл 2015 жылғы 1 қаңтардағы қалыптасқан көрсеткіштен 4,0 млрд. теңгеге немесе 1,3%-ға көп.

8-график. Банктік емес ұйымдардың меншікті капиталының құрылымы



11-кесте. Меншікті капитал жеткіліктілігі

Ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымдарының меншікті капитал жеткіліктілігі	01.01.2015	01.07.2015
1	3	3
Төленген жарғылық капитал, млрд. теңге	276,4	280,0
Есептік меншікті капитал, млрд.теңге	267,1	270,2
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (κ1)	0,489	0,448
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (κ1-2)	0,606	0,549
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (κ1-3)	0,542	0,486

Ұлттық почта операторының меншікті капитал жеткіліктілігі	01.01.2015	01.07.2015
Меншікті капитал, млн. теңге	12,6	12,5
Меншікті қаражат жеткіліктілігінің коэффициенті	0,240	0,226
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	0,473	0,471

2015 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингінің еншілес ұйымдарының реттеуші меншікті капиталының мөлшері 270,2 млрд. теңге болды. Ал ағымдағы жылдың басында осындай көрсеткіш 267,1 млрд. теңге болған.

Есепті күні ұлттық почта операторының меншікті капиталының мөлшері 12,5 млрд.теңге болды.


5. БАНКТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

12-кесте. Банктік емес ұйымдардың кірістілігі

Банктік емес ұйымдардың кірістілігі, млрд. теңгемен ¹	01.04.2014 млрд. теңге	01.04.2015 млрд. теңге	Өсімі, %-бен
Кірістер жиынтығы, о.і.	58,0	39,0	-32,8
Сыйақы алумен байланысты кірістер	17,3	19,6	13,3
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	0,8	0,9	12,5
Басқа кірістер	39,8	18,5	-53,5
Шығыстар жиынтығы, о.і.	48,4	31,8	-34,3
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	10,0	9,1	-9,0
Сыйақы төлеуге байланысты емес шығыстар	0,0	0,0	
Басқа шығыстар	38,4	22,7	-40,9
Резервке аударылғанға дейінгі пайда (шығын)	9,0	7,3	-18,9
Операциялар бойынша болатын залалға резервтер (резервтерді қалпына келтіру)	5,7	3,2	-43,9
Корпоративтік табыс салығы төленгеннен кейінгі таза пайда (шығын)	1,3	0,3	-76,9
Таза кіріс (шығын)	2,0	3,8	90,0

2015 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдар 3,8 млрд. теңге мөлшерінде пайда алды.

10-график. Банктік емес ұйымдардың пайдасы (шығыны), млрд. теңгемен



¹Пайда мен шығындар туралы есепке сәйкес